

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 20 қазандағы № 378 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 қазанда № 37191 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексі 254-бабының 2-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

А. Сапаров

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 20 қазандағы № 378
бұйрығымен бекітілген

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 254-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар

дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

2) жануарлар дүниесі объектілерін алу – табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарын мекендеу ортасынан жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттың немесе балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсаттың негізінде алу (ұстап алу, аулау, атып алу, жинау, соғып алу).

2-тарау. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу тәртібі

3. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

- 1) халық денсаулығын қорғау;
- 2) ауыл шаруашылығы және үй жануарлары ауруларының алдын алу;
- 3) экономикаға келетін залалдың алдын алу;
- 4) биологиялық тепе-теңдікті сақтау.

4. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеудің негіздері:

1) халықтың, ауыл шаруашылығы және үй жануарларының таратушылары балық ресурстары және басқа да су жануарлары объектілері болып табылатын ауруларды жұқтыру немесе онымен ауыру қатерінің туындауы;

2) экономикаға елеулі зиян келтіру қатерінің туындауы;

3) балық ресурстары және басқа да су жануарларының жекелеген түрлері санының азаюына және басқа да жағымсыз салдарға әкеп соққан олардың мекендеу ортасында қалыптасқан табиғи баланстың бұзылуы;

4) балықтардың жаппай қырылуына әкеп соғуы мүмкін су айдындарының және (немесе) учаскелерінің гидрохимиялық және өзге де режимдерінің бұзылу қаупінің туындауы болып табылады.

5. Балық ресурстары және басқа да су жануарлары түрлерінің санын реттеу биологиялық негіздемеге сәйкес жүргізіледі, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) балықтар мен басқа да су жануарларының санын есепке алу;
- 2) кәсіпшілік түрлердің қорын бағалау;
- 3) репродуктивтік әлеует пен табиғи өлім-жітімді талдау;
- 4) рұқсат етілген алып қою лимитін айқындау.

6. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған биологиялық негіздемені дайындауды "Жануарлар дүниесін қорғау, көбейту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-1-бабы 10) тармақшасы негізінде "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 шілдедегі № 335 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33182 болып

тіркелген) сәйкес аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүргізеді.

7. Биологиялық негіздеме негізінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) Заңның 29-бабына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алудың рұқсат етілген лимиттерін және балық аулау объектілерін алудың квоталарын белгілеу;

2) "Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйымдар белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 340 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37035 болып тіркелген) бекітілген Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйымдар белгілеу қағидаларына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйымдар белгілеу;

3) санын реттеу көзделетін балық және басқа да су жануарларының түрлері "Жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлерінің, жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлерінің, жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлерінің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 258 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6223 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлерінің тізбесіне енгізіледі.

8. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының санын реттеу шеңберінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қою балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат негізінде жүзеге асырылады.